

Жұмыс оқу бағдарламасының
титуддық парағы



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/31

Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Психология және педагогика кафедрасы

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

«Девиантология» пәні бойынша

5В010300 - «Педагогика және психология» мамандығының
студенттеріне арналған

Павлодар

Мамандықтың элективті пән
каталогының негізінде әзірленген
жұмыс оқу бағдарламасын бекіту



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/31

БЕКІТЕМІН
ОІ жөніндегі проректоры
_____ Пфейфер Н.Э.
20__ ж. «__» _____

Құрастырушы: аға оқытушы Жунусова А.Р.

Психология және педагогика кафедрасы

Оқу жұмыс бағдарламасы

«Девиантология» пәні бойынша
5В010300 - «Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне
арналған.

_____ бекітілген жұмыс бағдарламасы жұмыс оқу
жоспарының және мамандықтың элективті пәндер каталогының негізінде
әзірленген және С.Торайғыров атындағы ПМУ ғылыми кеңесінің мәжілісінде
бекітілді №__ хаттама 20__ ж. «__» _____

Кафедра меңгерушісі _____ Е.И.Бурдина

Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде
мақұлданды “__” _____ 20__ ж. №__ Хаттама

ОӘК Төрайымы _____ С.К. Ксембаева

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ Ж.Т. Сарбалаев “__” _____ 20__ ж.

ЖЖӘҚБ ҚҰПТАЛҒАН

ЖЖӘҚБ бастығы _____ Е.Н.Жуманкулова “__” _____ 20__ ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен құпталған

20__ ж. «__» _____ №__ Хаттама

1 Пәннің мақсаты мен міндеттері

1.1 Кіріспе

«Девиантология» курсы білімнің пәнаралық саласын көрсетеді. Оның мазмұнына коммуникативті-дискурсті аспектідегі қазақ тілі, кәсіп және мамандықтың негіздері, кәсіби қарым - қатынас мәдениеті кіреді.

1.2 Пәнді оқу мақсаты: болашақ мамандарда ауытқушылық тәртібі мәселесі бойынша білім қалыптастыру және оны диагностикалау, қалпына келтіру және алдын ала білу.

1.3 Пәннің міндеттері:

- ауытқушылық тәртібі мәселесі бойынша психологиялық білім негіздерімен, ауытқушылық тәртіптің әртүрлі классификациялармен таныстыру;
- ауытқушылық тәртіптің қалыптасуының психологиялық механизмдерін және детерминантын, оның негізгі түрлерін, диагностика әдістерін және қалпына келтіру және алдын алу бағыттарын оқыту;
- ауытқушылық тәртіптің диагностика, алдын алу және психологиялық коррекция саласында тәжірибелік біліктерін қалыптастыру.

Берілген пәнді оқу нәтижесінде студенттер білу қажет:

- «Тәртіп» ұғымының мәні және мазмұны және оның негізгі сипаттамалары;
- психологиядағы «норма» және «әлеуметтік норма» ұғымдары;
- ауытқушылық тәртіптің жіктелуі;
- тәжірибеде теориялық білімін қолдану;

ауытқушылық тәртіптің диагностика, алдын алу және қалпына келтіру дағдыларын және біліктерін игеру.

2. Пререквизиттер

Пәнді игеру үшін келесі пәндерді оқу барысында меңгерілген қажетті білім, дағды және білік қажет: психологиялық-педагогикалық мамандығына кіріспе, психологияда және педагогикада ғылыми зерттеуін ұйымдастыру.

3 Постреквизиттер

Пәнді оқу барысында игерілген білім, дағды және біліктер келесі пәндерді меңгеруге қажет: педагогика тарихы, психология және адамның дамуы.

4 Пәннің мазмұны

4.1 Пәннің тематикалық жоспары

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны (к/б ОСО)			Сағат саны (с/б СПО)		
		Дәр	Тәж	СӨЖ	Дәр	Тәж	СӨЖ
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Девиантология мәселесіне кіріспе	2	1	8	1	0,5	11

2	Әлеуметтік норма және әлеуметтік ауытқу	2	1	8	1	0,5	11
3	Ауытқушылық тәртіптің түрлерінің классификациясы	2	1	8	1	0,5	10
4	Ауытқушылық тәртіптің детерминациясы	3	1	8	1	0,5	11
5	Тұлғаның ауытқушылық тәртібінің психологиялық механизмдері	3	1	8	1	0,5	11
6	Агрессивті мінез-құлық	3	1	8	1	0,5	11
7	Делинквентті мінез-құлық	3	1	8	1	0,5	11
8	Тәуелділік тәртіп	3	2	8	1	0,5	11
9	Суицидтік тәртіп	3	2	8	1	0,5	10
10	Ауытқушылық тәртіптің превенциясы және инетрвенциясы	3	2	9	2	0,5	10
11	Тұлғаның ауытқушылық тәртібін психологиялық қалпына келтіру	3	2	9	1	1	10
	Барлығы: 135	30	15	90	12	6	117

4.2 Теориялық курстың мазмұны

Тақырып 1. Девиантология мәселесіне кіріспе. Тәртіп психологиялық категория және тұлғаның қасиеті ретінде. «Ауытқушылық тәртіп» ұғымының анықтайтын критерийлері. «Ауытқушылық тәртіп» ұғымының анықтамасы.

Тақырып 2. Әлеуметтік норма және әлеуметтік ауытқу. «Әлеуметтік норма» ұғымы. Психологиядағы нормалар. Әлеуметтік норма түрлері және олардың қалыптасу механизмдері. Әлеуметтік ауытқулар.

Тақырып 3. Ауытқушылық тәртіптің түрлерінің классификациясы. Ауытқушылық тәртіптің түрлерінің классификациясы мәселесі. Ауытқушылық тәртіптің түрлерінің психологиялық классификациясы. Ауытқушылық тәртіптің түрлерінің медициналық классификациясы. Тәртіп феноменінің салыстырмалы сипаттамасы.

Тақырып 4. Ауытқушылық тәртіптің детерминациясы. Тұлғаның ауытқушылық тәртібінің детерминациясындағы әлеуметтік және табиғи бірлігі. Мәселеге кіріспе. Ауытқушылық тәртіптің әлеуметтік факторлары. Тәртіп девиациясының биологиялық алғышарттары.

Тақырып 5. Тұлғаның ауытқушылық тәртібінің психологиялық механизмдері. Девиантты мінез-құлыққа экзистенциалды-гуманистік келіс. Ауытқушылық тәртіптің психодинамикалық аспектілері. Ауытқушылық тәртіп үйрену нәтижесі ретінде.

Тақырып 6. Агрессивті мінез-құлық. Агрессия және агрессивті мінез-құлық. Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасу шарттары. Агрессия және делинквентті мінез-құлық.

Тақырып 7. Делинквентті мінез-құлық. Делинквентті мінез-құлық ауытқушылық тәртіптің формасы ретінде. Делинквентті мінез-құлықтың қолдану шарттары. Құқыққа қарсы мотивация. Антиәлеуметтік (социопатикалық) тұлға.

Тақырып 8. Тәуелділік тәртіп. Тәуелділік тәртіптің жалпы сипаттамасы. Концептуалды моделдер. Тұлғаның тәуелділік тәртіп факторлары. Со-тәуелділік феномені. Тәуелділік түрлері.

Тақырып 9. Суицидтік тәртіп. Ұғымның анықтамасы және суицидтің жіктелуі. Суицидтік тәртіптің жастық ерекшеліктері. Суицидтің қалыптасу концепциялары. Суицидтік мотивация.

Тақырып 10. Ауытқушылық тәртіптің превенциясы және инетрвенциясы. Тұлғаның ауытқушылық мінез-құлқына әлеуметтік-психологиялық өзара әрекет ету. Ауытқушылық тәртіптің алдын алу. Тұлғаның ауытқушылық тәртібінің психологиялық ұқсастығы. Әлеуметтік-психологиялық бөгет жасау стратегиясы ауытқушылық тәртіптің әртүрлі формасында.

Тақырып 11. Тұлғаның ауытқушылық тәртібін психологиялық қалпына келтіру. Тәртіпті қалпына келтірудің мақсаты мен принциптері. Позитивті мотивацияны мақсатқа бағыттау. Эмоционалды жағдайларды қалпына келтіру әдістері. Өз-өзін қалпына келтіру әдістері. Когнитивті қайта құрастыру. Ауытқушылық тәртіпті жою әдістері. Позитивті тәртіп қалыптастыру әдістері.

4.3 Тәжірибелік (семинарлық) сабақтардың тізімі мен мазмұны

Тақырып 1. Девиантология мәселесіне кіріспе. «Тәртіп» ұғымының мәні және мазмұны және оның негізгі сипаттамалары. Тәртіптің әлеуметтік аспектілері. «Тәртіптегі норма» және «ауытқушылық тәртіп» ұғымдарының анықталу критериилері. «Ауытқушылық тәртіп» ұғымының анықтамасы, «ауытқушылық тәртіп», «әлеуметтік-дезадаптацияланған тұлға», «тұлғаның әлеуметтенуі», «тұлғаның дезадаптациясы» ұғымдарының ұқсастығы мен айырмашылығы.

Тақырып 2. Әлеуметтік норма және әлеуметтік ауытқу. Психологиядағы «норма» және «әлеуметтік норма» ұғымдары. Әлеуметтік норма түрлері және олардың қалыптасу механизмдері. Әлеуметтік нормалардың қоғамдық-тарихи

дамудан және қоғамның мәдени ерекшеліктерінен тәуелділігі. Әлеуметтік нормалар және ауытқулар.

Тақырып 3. Ауытқушылық тәртіптің түрлерінің классификациясы. Тәртіп қарым-қатынастарының классификациясының бірлігі. Әлеуметтік ауытқудың негізгі түрлері. Тәртіп бұзудың аурулардың Халықаралық классификациясымен сәйкес негізгі түрлері (ересек және бала-жасөспірімдік жастары үшін). Тұлғаның ауытқушылық тәртібінің негізгі құндылықтары және психологиялық жүйесінің кемшіліктері.

Тақырып 4. Ауытқушылық тәртіптің детерминациясы. Ауытқушылық тәртіптің қалыптасуының әлеуметтік шарттары: отбасы, әлеуметтік және мектеп дезадаптациясы, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас және басқа да факторлар. Тәртіп девиациясының биологиялық алғышарттары: генетика және тұқым қуалаушылық, жасөспірімдік дағдарыс, мінез-құлық акцентуациялары және т.б.

Тақырып 5. Тұлғаның ауытқушылық тәртібінің психологиялық механизмдері. Ауытқушылық тәртіптің материалистік психология тұрғысынан қалыптасуы. Ауытқушылық тәртіптің бихевиоризм тұрғысынан қалыптасуы. Ауытқушылық тәртіптің фрейдизм және неофрейдизм тұрғысынан қалыптасуы. Ауытқушылық тәртіптің жеке тұлғалық психология тұрғысынан қалыптасуы. Ауытқушылық тәртіптің гуманистік психология тұрғысынан қалыптасуы. Ауытқушылық тәртіп когнитивті психология контекстінде.

Тақырып 6. Агрессивті мінез-құлық. Агрессия және агрессивті мінез-құлық. Балалық агрессивтіліктің этиологиясы. Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасу шарттары. Агрессия және делинквентті мінез-құлық. Физикалық агрессия бар балалардың психологиялық типологиясы. Вербалды агрессиясы бар балалардың психологиялық типологиясы. Жанама агрессиясы бар балалардың психологиялық типологиясы. Негативизм бар балалардың психологиялық типологиясы. Агрессивтіліктің модальділігі мен тәртіп бұзу типтерінің өзара байланысы. Агрессивтіліктің жыныстық-жастық ерекшеліктері. Агрессивтіліктің модальділігі және отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері. Агрессивтіліктің әртүрлі түрлері бар балалардың психологиялық типологиясы. Агрессияның және агрессивті мінез-құлықтың әртүрлі түрлерінің диагностикалау әдістемелері.

Тақырып 7. Делинквентті мінез-құлық. Делинквентті мінез-құлық ауытқушылық тәртіптің формасы ретінде. Криминалды мінез-құлық ауытқушылық тәртіптің формасы

ретінде. Делинквентті және криминалды мінез-құлықтың қалыптасу шарттары. Құқыққа қарсы мотивация. Антиәлеуметтік (социопатикалық) тұлға. Мінез-құлық акцентуациялары делинквентті мінез-құлықтың алғышарты ретінде. Делинквент және қылмыскер тұлғасының қалыптасу және әлеуметтену ерекшеліктері. Делинквент және қылмыскердің психологиялық портреті.

Тақырып 8. Тәуелділік тәртіп. Аддиктивті (тәуелділіктік) тәртіптің ұғымы және жалпы сипаттамасы. Аддиктивті мінез-құлықты факторлары: отбасының дисфункционалдылығы, тұлғалық ерекшеліктер, мектеп дезадаптациясы, асоциалды формальды емес әсер ету, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық сипаттамалардың себептері және т.б. Аддиктивті жасөспірімнің жеке тұлғалық және жастық ерекшеліктері. Тәуелділіктің әртүрлі түрлерінің сипаттамасы: химиялық тәуелділік, тамақтану ережесінің бұзылуы, ойынға тәуелділік (гэмблинг), сексуалды аддикция, діни деструктивті тәртіп.

Тақырып 9. Суицидтік тәртіп. «Суицид», «суицидтік тәртіп» ұғымдарының анықтамасы және суицид себептерінің типологиясы. Жастық шекаралар және әртүрлі жастық кезеңдерде суицидтік тәртіптің себептері. Суицидтік тәртіптің құрылымы. Әртүрлі мәдениеттерде және тарихи кезеңдерде суицидтік тәртіпке қатынас. Суицидтік тәртіптің типтерінің сипаттамасы: шынайы, аффектілі және демонстративті. Синдромальды суицидті тәртіп. Суицидті тәртіпті оқытудың негізгі бағыттары. Суицидті тәртіптің және қасақана суицидтің диагностикасы. Психологтың суициденттермен жұмыс жасау тактикасы.

Тақырып 10. Ауытқушылық тәртіптің превенциясы және инетрвенциясы. Тұлғаның ауытқушылық тәртібіне әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетудің кешенділік принципі. Ауытқушылық тәртіптің психопрофилактикасының мақсаты, принциптері және формалары. Концептуалды психопрофилактиканың негізгі моделдері. Тұлғаның ауытқушылық тәртібінің психологиялық ұқсастығы (міндеттер, формалар және әдістері). Ауытқушылық тәртіптің жеке түрлеріне көмек көрсетудің әлеуметтік-психологиялық бағдарламалары.

Тақырып 11. Тұлғаның ауытқушылық тәртібін психологиялық қалпына келтіру. Тәртіп ауытқуларының мақсаты, міндеттері және қалпына келтіру принциптері. Психологтың ауытқушылық тәртіптің әртүрлі формасындағы клиенттерімен жұмыс жасау бағыттары. Девианттың

мотивациялық-құндылықтық ортасын қалпына келтіру. Эмоционалды жағдайларды қалпына келтіру әдістері мен технологиялары. Психогигиена және өзінің эмоционалды жағдайларын және тәртібін бақылау әдістерін оқыту. Әртүрлі жастық топтардағы девианттармен және ауытқушылық тәртіптің формаларымен жұмыста психотерапияның әртүрлі технологияларын қолдану технологиясы. Ауытқушылық тәртіпті жою әдістері және белсенді «Мен-концепциясының» қалыптасуы, әлеуметтік жақталған тәртіптің әлеуметтенуі және бейімделуі. Негізгі концепциялар мен реабилитация моделдері (медициналық, білім беру және психоәлеуметтік) және олардың сипаттамасы

4.4 Студенттердің өздік жұмысының мазмұны

4.4.1 СӨЖ мазмұны

№	СӨЖ түрі	Есеп беру формасы	Тексеру түрі	Сағ. саны к/б	Сағ. саны с/б
1	Практикалық сабаққа дайындалу (сабақтың тақырыбы бойынша материалын меңгеру, есептерін шешу және т. б.)	Есеп	Қорғау	30	12
2	Үй тапсырмаларын орындау	Жұмыс дәптері	Қорғау	15	6
3	Аудиториялық сабаққа кірмеген материалды оқу.	Жобалық жұмыс	Жазбаша және ауызша түрі	30	84
4	Тест тапсырмаларын орындау	Тестілер	Сабаққа қатысу	5	5
5	Бақылау іс-шараларына дайындалу		МБ1, МБ2, (тестілеу)	10	10
Барлығы:				135	117

4.4.2 СӨЖ тақырыптары

Тақырып 1. Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің бағасы.

Тақырып 2. Стоттың бақылау картасы.

Тақырып 3. Моральды сананың даму деңгейін бағалау әдістемесі.

Тақырып 4. Үлкен жасөспірімдер мен бозбалалардың үрей деңгейін зерттеу сауалнамасы.

Тақырып 5. Агрессивтілікті зерттеу.

Тақырып 6. Күйзеліс деңгейін анықтау әдістемесі.

Тақырып 7. Жасөспірімдердің тәуелділігін ата-аналар ерте анықтауға арналған сауалнама.

Тақырып 8. «Тәуелді жасөспіріммен сапалы өзара әрекет ету» бағдарламасы бойынша ата-аналармен жүргізілетін топтық жаттығулардың үлгілік тақырыптары.

Тақырып 9. Отбасыда тәуелді жасөспіріммен қарым-қатынас құру.

Тақырып 10. Э. Хаймның жеке тұлғалық копинг-стратегияларын анықтау әдістемесі.

Тақырып 11. Отбасылық тәрбие беруді талдау әдістемесі (АСВ).

5 Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Р.Г. Илешева - Психиатрия – Алматы «Білім» – 2006 – 256 б.

Қосымша:

2. Бойко, И.Н. Социально-психологические проблемы детей девиантного поведения [текст] /И.Н.Бойко, Т.Н.Сидорова: учебное пособие. - Электросталь: Филиал РГСУ, 2006. - 220 с.

3. Платонов, Ю. П. Социальная психология поведения: учебное пособие для студ. вузов /Ю. П. Платонов. - СПб: Питер, 2006. - 459 с. - (Учеб. пособие)

4. Девиантное поведение /И.А.Рудакова, О.С.Ситникова, Н.Ю.Фальчевская. - Ростов-на-Дону: «Феникс», 2006. - 156 с.

Мамандықтың
оқу жұмыс жоспарынан көшірме



Нысан
ПМУ ҰСН 7.18.3/10

5В010300 – педагогика және психология Бакалавр
мамандығының оқу жұмыс жоспарынан көшірмесі
Пәннің атауы Девиантология

Оқу түрі	Сағ. бойынша студенттердің жұм. көлемі				Семестрлер бойынша бақылау түрі				Семестр	Семестр және курс бойынша сағаттың бөлінуі						
	кред-р	Академиялық сағаттар			экз	зач	КЖ	КР		кред-р	аудиторлық сабақтар (ак.сағ.)				СӨЖ (ак.сағ.)	
		жалпы	ауд	СӨЖ							барлық	дәр	пр	лаб	барлық	ӨСӨЖ
ОСО базасында күндізгі	3	135	45	90	2				2	3	45	30	15	-	45	90
СПО базасында күндізгі	3	135	45	90	2				2	3	45	30	15	-	45	90
СПО базасында сырттай	3	135	18	117	2				2	3	18	12	6	-	18	117

Кафедра меңгерушісі _____ Е.И.Бурдина 20__ж. «__» _____